# Қазақстан Республикасының спортшылары - Афины қаласындағы (Грекия) XXVIII Олимпиада ойындарының жеңімпаздарына, жүлдегерлеріне және олардың жаттықтырушыларына біржолғы төлемдер туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 қыркүйектегі N 980 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 12 мамырдағы N 691 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009.05.12 N 691 Қаулысымен .

Қазақстан Республикасының спортшыларын - Афины қаласындағы (Грекия) XXVIII Олимпиада ойындарының жеңімпаздарын, жүлдегерлерін және олардың жаттықтырушыларын көтермелеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігіне 2004 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен "Қазақстан спортшыларын кезекті 2002 жылғы Солт-Лейк-Ситидегі (Америка Құрама Штаттары) XIX қысқы және 2004 жылғы Афинидағы (Грекия) XXVIII жазғы олимпиада ойындарына қатысуға дайындау жөніндегі шұғыл шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 сәуірдегі N 510 қаулысымен белгіленген мөлшерде, қосымшаға сәйкес Афины қаласындағы (Грекия) Олимпиада ойындарының жеңімпаздарына, жүлдегерлеріне және олардың жаттықтырушыларына біржолғы төлемдерді жүзеге асыру үшін 129696300 (бір жүз жиырма тоғыз миллион алты жүз тоқсан алты мың үш жүз) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 20 қыркүйектегі
N 980 қаулысымен
бекітілген

## 2004 жылғы 13-29 тамыздағы Афиныдағы (Грекия) XXVIII Олимпиада ойындарына қатысқан Қазақстан Республикасы спорттық делегациясының жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің тізімі

| N | Спортшының тегі, аты, әкесінің аты | Алған орны | Спорт түрі | Жаттықтырушының тегі, аты, әкесінің аты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Артаев Бақтияр Ғарифоллаұлы | 1 орын | Бокс | Ақұрпеков Нұрлан Сәкенұлы |
| 2. | Головкин Геннадий Геннадьевич | 2 орын | Бокс | Ғалымтаев Қанат Болатұлы |
| 3. | Лалиев Геннадий Казбекович | 2 орын | Еркін күрес | Сайханов Түсіпхан Сағатбекұлы |
| 4. | Филимонов Сергей Юрьевич | 2 орын | Ауыр атлетика | Дон Лазарь Намдекович |
| 5. | Цурцумиа Георгий | 2 орын | Грек-рим күресі | Мельниченко Юрий Васильевич |
| 6. | Елеуов Серік Саматұлы | 3 орын | Бокс | Ғалымтаев Қанат Болатұлы |
| 7. | Карпов Дмитрий Васильевич | 3 орын | Жеңіл атлетика | Карпов Василий Борисович |
| 8. | Манукян Мкхитар | 3 орын | Грек-рим күресі | Тұрлыханов Дәулет Болатұлы |
| 9. | Довгун Ольга Вячеславовна | 4 орын | Нысана көздеу | Вохмянин Владимир Анатольевич |
| 10. | Муталимов Марид Камильевич | 4 орын | Еркін күрес | Мұзапаров Марат Өмірбекұлы |
| 11. | Спиридонов Леонид Николаевич | 4 орын | Еркін күрес | Мұзапаров Марат Өмірбекұлы |
| 12. | Жүсіпова Әлия Мақсұтқызы | 4 орын | Көркем гимнастика | Панченко Екатерина Ивановна |
| 13. | Джафаров Галиб Мусаевич | 5 орын | Бокс | Балмағамбетов Әлімбек Зарлықұлы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 14. Ділдәбеков Мұхтархан Қобыланбекұлы | 5 орын | Бокс | Сафиуллин Нұрғали Әбдубәриұлы |
| 15. Кәрімжанов Нұржан Мыңжасарұлы | 5 орын | Бокс | Камашов Владимир Романович |
| 16. Поляков Владислав Витальевич | 5 орын | Жүзу 100 м-к қашықтыққа брасс | Иванов Анатолий Яковлевич |
| | 5 орын | Жүзу 200 м-к қашықтыққа брасс | Иванов Анатолий Яковлевич |
| 17. Халимов Данил Тахирович | 5 орын | Грек-рим күресі | Псарев Владимир Александрович |
| 18. Сағындықов Әділхан Сырлыбайұлы | 5 орын | Таэквондо | Шоқпытов Сұлтанмахмұт Боқатұлы |
| 19. Винокуров Александр Николаевич | 6 орын | Тас жолдағы велоспорт | Кручина Сергей Иванович |
| 20. Исаченко Владимир Николаевич | 6 орын | Нысана көздеу | Вохмянин Владимир Анатольевич |
| 21. Қойжағанов Нұрлан Алтынбекұлы | 6 орын | Грек-рим күресі | Нұртазин Қанат Мұхамедияұлы |
| 22. Хромова Татьяна Николаевна | 6 орын | Ауыр атлетика | Мельников Юрий Александрович |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК